

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Өскемен қаласы әкімдігінің  
«Ақ бота» балабақша-бөбекжайы» ҚМҚК**

**2024-2025 оқу жылына арналған педагог-психологтың  
аналитикалық есебі.**

Педагог-психолог: Турсынханова М

2024-2025 оқу жыл

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы**  
**Өскемен қаласы бойынша «Ақ бота» балабақша-бөбекжайының**  
**2024-2025 оқу жылына арналған педагог-психологтың аналитикалық есебі.**

**Мектепке дейінгі мекеме туралы ақпараттық анықтама:** «Ақ бота» балабақша-бөбекжайының балалар саны – 140, жұмыс жасайтын топтар саны – 6, оның ішінде кіші топ – 2, ортаңғы топ – 2, ересек тобы – 2.

«Ақ бота» балабақша-бөбекжайының психологиялық қызметінің басты мақсаты – балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту. Балалардың дамуында толыққанды және жан-жақты психологиялық-педагогикалық жағдай жасау, балалардың психикалық хал-ахуалын сақтау және одан әрі дамыту болып табылады.

**Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыттары**

**Психоадаптация:**

Мақсаты: тұлғаның жаңа ортаға бейімделуіне көмектесу – балабақшаға алғаш келген баланың жаңа ортаға үйренуі, күн тәртібіне бейімделу, сонымен қатар ата-анасына балабақша өмірін таныстыра отырып, психологиялық көмек беру.

**Психологиялық диагностика:**

Мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Әрбір балаға психологиялық-педагогикалық мінездеме жасау.

**Психикалық түзету және дамыту:**

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

**Психикалық түзетудегі ағарту жұмыстары:**

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау. Бұл – балалармен, ата-аналармен, педагогтармен және ұжымның барлық мүшелерімен алдын-ала жүргізілетін жұмыс түрі.

**Психологиялық кеңес:**

Мақсаты: педагогикалық үрдіске қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу.

2024-2025 оқу жылында төмендегі бағыттарда жұмыс жасалынды: диагностика жүргізу, балалармен түзету-дамыту жұмыстары; ата-аналарға, педагогтарға кеңес беру, ағарту жұмыстары.

Жаңадан балабақшаға келген «Айшуақ» және «Жауқазын» кіші топ балаларының балабақшаға бейімделуі бойынша тәрбиешілерге бақылау картасы таратылды. Тәрбиешілер баланың балабақшаға келген кезінен бастап 3 ай бойы бақылау жүргізіліп отырды. Ата-аналарға «Балаңыз балабақшаға дайын ба?» атты сауалнама таратылды. Ата-аналарға «Баланы балабақшаға келуге дайындау және бейімдеу жолдары» атты кеңес берілді. Балалардың балабақшаға психологиялық бейімделуінің деңгейі жақсы динамиканы көрсетті.

**Нәтижесінде балалардың балабақшаға бейімделу көрсеткіші: 38 бала**


Бейімделудің жеңіл дәрежесі – 23 бала (61%)

Бейімделудің орташа дәрежесі – 10 бала (26%)

Бейімделудің ауыр дәрежесі – 5 бала (13%)

Екі топқа бөліп қарағанда:

Топ атауы	Тексерілген	Бейімделудің жеңіл дәрежесі	Бейімделудің орташа дәрежесі	Бейімделудің ауыр дәрежесі
«Айшуақ» кіші тобы	19 бала	12 бала (63%)	5 бала (26%)	2 бала (11%)
«Жауқазын» кіші тобы	19 бала	11 бала (58%)	5 бала (26%)	3 бала (16%)



Балалардың таным процесін анықтау үшін (қабылдау, ойлау, есте сақтау, зейін, қиялын) анықтау мақсатында диагностика өткізілді.

Баланың қабылдау деңгейін толықтай, жартылай қабылдауын анықтау. Зейінінің тұрақтылығын, есте сақтауын, қиялының дамуын анықтау. Психодиагностика балабақшадағы оқыту-тәрбиелеу жұмысын жоспарлауға көмектеседі. Диагностика нәтижесі шыққаннан кейін, орташа және төмен деңгейлі балалармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Тұлғалық дамуында жағымсыз әрекеттері бар балалармен тереңдетіп диагностика жүргізілді.

Оқу жылының басынан бастап бағдарламалық талаптар бойынша балалардың даму деңгейін бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау жұмыстары жеке және топтармен жүргізіліп отырылды.

Балалардың өзара қарым-қатынасын, ұжыммен қарым-қатынасын анықтау мақсатында ортаңғы және ересек топтарының тәрбиеленушілеріне диагностика жүргізілді. «Топтағы психологиялық климат» әдістемесі. Т.Д. Марцинковскаяның «Екі үй» тесті қолданылды. **Мақсаты:** топтағы тұлға аралақ қатынастар құрылымындағы баланың статусын анықтау.

Әдістеменің қорытындысы төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

**«Ақ қанат» ересек тобы:**

«Топтағы психологиялық климат» әдістемесі		
	Саны	%
Барлық зерттелген балалар	25	100%
Көшбасшылар	9	36%
Артық көретін	4	16%
Қабылданатын	9	36%
Нейтральды	3	12%
Қабыл алынбайтындар	-	-

**«Балақан» ересек тобы:**

«Топтағы психологиялық климат» әдістемесі		
	Саны	%
Барлық зерттелген балалар	25	100%
Көшбасшылар	13	52%
Артық көретін	8	32%
Қабылданатын	3	12%


Нейтральды	1	4%
Қабыл алынбайтындар	-	-

«Бәйшешек» ортаңғы тобы:

«Топтағы психологиялық климат» әдістемесі		
	Бала саны	Пайызы %
Барлық зерттелген балалар	25	100%
Көшбасшылар	9	36%
Артық көретін	4	16%
Қабылданатын	9	36%
Нейтральды	2	8%
Қабыл алынбайтындар	1	4%

«Ақ көгершін» ортаңғы топ:

«Топтағы психологиялық климат» әдістемесі		
	Бала саны	Пайызы %
Барлық зерттелген балалар	25	100%
Көшбасшылар	10	40%
Артық көретін	3	12%
Қабылданатын	9	36%
Нейтральды	2	8%
Қабыл алынбайтындар	1	4%



Балабақшаның ортаңғы, ересек топтар балаларының танымдық қабілеттерін (есте сақтау, ойлау, зейін, қабылдау, қиял) анықтау мақсатында диагностика жүргізілді. Аталған психологиялық диагностика Н.Н.Павлова мен Л.Г.Руденконың «Балабақшадағы экспресс-диагностика» атты әдістемесі бойынша жүргізілді. Ортаңғы «Ақ көгершін», «Бәйшешек» тобының балаларымен

аталған әдістеме бойынша («Формалар қорабы», «Ұя салатын қуыршақ», «Түрлі-түсті текшелер», «Жұптасқан суреттер», «Қиылған суреттерді құрастыр», «Не жоғалғаның тап?») әдістемелері қолданылып, балалардың таным үрдістерінің деңгейлері анықталды. Ал ересек «Ақ қанат», «Балақан» тобының балаларымен мынандай әдістемелер жүргізілді: «Формалар қорабы», «Дәл осындай суретті тап», «8 затты есінде сақта(көру арқылы)», «Көрсет және ата», «Ұя салатын қуыршақ», «Лабиринт», «Суретке үй тап», «Неге ұқсайды?», «Қиылған суреттерді құрастыр» атты әдістемелер қолданылды.


Диагностика қорытындысы төменгі нәтижелерді көрсетті:

№	Топтың атауы	Бала саны	Жоғарғы деңгей	Орташа деңгей	Төменгі деңгей
1	«Ақ көгершін» ортаңғы тобы	25	8 бала (32 %)	12 бала (48 %)	5 бала (20 %)
2	«Бәйшешек» ортаңғы тобы	25	9 бала (36 %)	11 бала (44%)	5 бала (20 %)
3	«Балақан» ересек тобы	25	11 бала (44%)	10 бала (40 %)	4 бала (16%)
4	«Ақ қанат» ересек тобы	25	11 бала (44%)	10 бала (40 %)	4 бала (16%)

«Ақ көгершін», «Бәйшешек» ортаңғы топтар



«Ақ қанат», «Балақан» ересек топтар



Психологиялық қызметін жоспарына сәйкес сәуір айында қорытынды диагностика балабақша тұлғектерінің мектепке психологиялық дайындықтарын тексеру жұмыстары жүргізілді. Балаларды мектепке психологиялық даярлығын анықтау бойынша әдістемелер жоспары құрылып, ересек «Балақан», «Ақ қанат» топтармен жұмыс жүргізілді.

- Баланың мектепке қабылдау алдындағы даму деңгейі диагностикалау(танымдық процестерінің көрсеткіші);
- Мотивациялық, ерік-жігерінің дайындығы;
- Тұлға аралық қарым-қатынас анықтау;
- Керн-Йирасек әдістемесінің мектепке дайындығын және ақыл-ойдың даму деңгейін тексеру.

Ересек топтарында балалардың көпшілігі мектепке мотивациялық дайындығы орташа деңгейді көрсетіп отыр. Алынған нәтижелер мектепке дейінгі жастағы балаларды жалпы психикалық дамуын сипаттайды: ұсақ моториканы дамыту, белгілі бір үлгілерді орындау қабілеті, яғни психикалық белсенділіктің өзіндік деңгейін сипаттайды.

#### **Диагностика нәтижелері келесі мәселелерді анықтады:**

1. Жеткіліксіз дәрежеде балалардың танымдық үрдістерінің даму көрсеткіштері.
2. Графикалық диктанттар орындау барысында балалардың ұсақ қол моторикасының дамуының жеткіліксіз дәрежеде болуы.
3. Нүктелерді дәл осындай қалпында көшіріп салу арқылы кеңістікте нашар бағдарлайтындығы және көзбен қимылды қабылдауының төмендігін көрінді.
4. Ер адамның суретін салу және әңгіме құрау кезінде балалардың сөздік қорының әлі де жеткіліксіз дәрежеде екені көрінді. Балалардың көпшілігі орыс тілінде сөйлейді.
5. Балалардың балабақшаға көп келмеуі ( әртүрлі себептерімен).

Жоғары көрсеткен балалар мектепке толық пысып жетілген болып есептелінеді. Бала қоршаған ортадағы жалпы бағдарланулары мен олардың тұрмыстық білімдер қоры жақсы дамыған. Айналадағы заттың атын түстерін ажырата алады. Жануарлардың барлық түрлерін біледі. Үлкен адамдардың еңбегі туралы түсінігі бар. Жыл мезгілдерін, уақыт бөліктерін ажырата алады және де айырмашылықтарын туралы айтады. Бұл балалар жазу үйретуде қиындық туғызбайды. Қол буындары жақсы дамыған, кеңістікте жақсы бағдарлайды, қозғалыс бағыттары жақсы дамыған, көзбен қимылды қабылдаулары жоғары.

#### **Балалармен жұмыс істеу кезінде орын алған мәселелер:**

- Ата-аналармен жеткіліксіз дәрежеде қарым-қатынас.
- Балалардың мінезіндегі еркелік, қынырлық қасиеттері.
- Кейбір балалардың балабақшаға сирек келуі.

**Ескеруге алатын жағдай:** Диагностиканың нәтижелері және оның одан әрі білім беру саласындағы табыстарына әсері көбінесе балалардың табиғи қасиеттеріне ( темперамент) байланысты болуы мүмкін, сондықтан орта және төмен деңгей көрсеткіші теріс нәтижесі емес екенін атап өткен жөн.

**Ата-аналарға ұсыныстар:** Мектепке психологиялық дайындық деңгейінің орташа, төмен көрсеткен балалардың ата-аналарының назарына:

- Жазғы демалыс уақытында тапсырмалар беру;
- Бала дамуына байланысты нақты тапсырмалар беру;
- Балалардың өзін-өзі басқару дағдыларын этикалық әңгімелер, драмалық ойындар, ойын-сауық ережелері, өнер туындылары және отбасымен қарым-қатынас жасау арқылы жетілдіру.
- Балалардың логикалық, шығармашылық ой-өрісін дамыту бойынша терең жұмыс жүргізу.

#### **Тәрбиешілерге ұсыныстар:**

-Балалардың өзін-өзі басқару дағдыларын жетілдіру бойынша этикалық әңгімелер, драмалық ойындар, ойын-сауық ережелерімен ойындар көркем шығармаларды оқып, отбасымен жұмыс істеу арқылы жетілдіру бойынша жұмыстарды жандандыру.

-Мектепке дейінгі жастағы балалардың мектепке даярлауға қалай үйрету болады, қажетті дағдыларды және когнитивтік процестерді дамытуға ата-аналарға кеңес беру үшін қажетті материалды таңдау.

-Балалардың логикалық, шығармашылық ой-өрісін дамыту бойынша терең жұмыс жүргізу.

Мектепке дайындығын анықтау және ақыл-ойдың даму деңгейін зерттеу нәтижесі. Керн-Йирасек әдістемесінің қорытынды диагностиканың көрсеткіші.

№	Топтың атауы	Бала саны	Жоғары	Орташа	Төмен
1	«Балақан» ересек топ	25	21 бала-84%	3 бала-12%	1 бала (4%)
2	«Ақ қанат» ересек топ	25	17 бала (68%)	7 бала (28%)	1 бала (4%)
4	<b>Барлығы:</b>	50	38 бала (76%)	10 бала (20%)	2 бала (4%)

**«Балақан» ересек тобының мектепке дайындығын анықтау және ақыл-ойдың даму деңгейінің көрсеткіші.**



**«Ақ қанат» ересек тобының мектепке дайындығын анықтау және ақыл-ойдың даму деңгейінің көрсеткіші.**



**«Ақ бота» балабақша-бөбекжайының мектепке дайындығын анықтау және ақыл-ойдың даму деңгейінің көрсеткіші.**



Диагностиканың қорытындыларының нәтижелері бойынша төменгі деңгей көрсеткен балалармен жекелей және топтық жұмыстар және түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Топ балаларымен психологиялық жаттығулар, ойындар өткізілді.

Ересек топтар «Ақ қанат», «Балақан», және ортаңғы «Бәйшешек», «Ақ көгершін» топтардан асқан белсенді балалар анықталып олармен жеке жұмыс және түзету ойын сабақтары жүргізілді. Асқан белсенді балалармен атқарылған жұмыстар: «Жәшікпен ойын» релаксацияға арналған жаттығу балалардың бір біріне қамқорлықпен қарауды үйрету. «Тасбақа» өз іс-қимылдарын бақылау. «Қағаздардың жыртылуы», «Шүберек қуыршақ және сарбаз» жиналған энергияны бәсеңдету. « Денемен әңгіме», «Қолмен әңгіме» өз денесін бағындыру. «Не жетіспейді» ойыны - танымдық қабілеттерін дамыту. « Бір сызық» - қимыл-қозғалысты тұрақтандыру. «Күлуге тыйым салынады» құштарланған топты тыныштандыру және зейінді талап ететін жұмысқа икемдеу. «Тез ауысы» қозғаушы көрудің үйлесімді дамыуы. «Қатып қал» өзін-өзі ұстаудың элементтерін құру. Жүргізілген ойындар арқылы тәрбиеленеушілер өздерін бос сезініп, энергияларын сыртқа шығарды. Ойын арқылы қалыпты атмосфера қалыптастырып, өз іс-қимылдарын бақылады.

Жыл көлемінде топтық түзету жұмыстары жүргізілді. «Қабылдау мен ойлауды дамытатын ойын арқылы жаттығулар. Мақсаты: Тәрбиеленеушілердің ойлау мен қабылдауын дамыту». «Зейінің тұрақтандыруға арналған ойындар. Мақсаты: Балалардың зейінің тұрақтандыру. «Ес және қиялын дамытуға арналған ойындар. Мақсаты: Тәрбиешілердің ес және қиялын дамыту». «Саусақтар ойыны. Мақсаты: Ұсақ қол моторикасын дамыту». «Логикалық тапсырмалар берілді. Жас ерекшеліктеріне байланысты. Мақсаты: Логикалық ойлауды дамыту. Нәтижесінде тәрбиеленеушілердің ойлау, қабылдау, ес және қиялдары дамып, зейіндері тұрақтандырылды.

Сонымен қатар ата-аналармен жұмыс жүріп отырды. Ата-аналар тарапынан сұраныстар түскен жағдайда, сол баламен әр түрлі диагностикалық зерттеулер жүргізіліп, қорытындысы шығарылып, ата-аналарға кеңестер беріліп отырды.

Желтоқсан және сәуір айларында отбасы мен балабақша іс-әрекет негізінде, ««Балабақша мен отбасы», «Жанұя бақытты» атты тренингтер өткізілді. Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балалардың мінез - құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіндігін тереңірек зерттелді. Ата - ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал етілді. Жанұядағы ата-ана мен балабақша арасындағы адамгершілік тәрбие түрлерін тануға, жан-жақты талқыланды. Баланың ойында жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәриелеуде отбасы мен балабақша шешуші роль атқаратындығын балабақша мен отбасы тәрбие екі жақты процесс екендігін талқыладланды.

Барлық топ ата-аналарына төмендегідей кеңестер беріліп, сондай-ақ жаднамалар, ескертпелер берілді:

- «Баланың балабақшаға бейімделуі»;
- «Балалардың жас ерекшеліктері»;
- «Бала тәрбиесіндегі 10 ереже»;
- «Балабақша мен отбасы?» атты тренинг;
- «Ойыншықтарды қалай жинатуға болады»;
- «Гипербелсенді балалардың ата-аналарына кеңес»;
- «Алғашқы ұстаз – ана-ана!» ата-аналарға кеңес;
- «Жанұя бақыты» атты тренинг;
- «Сіздің балаңыз мектепке дайын ба?».

#### **Педагогтармен жүргізілген жұмыстар.**

**Мақсаты:** Ұжымдағы қарым-қатынасты нығайту. Педагогтардың жеке бас ерекшеліктеріне сай шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. Көңіл-күйлерін көтеріп, жұмысқа белсенділігін арттыру.

- Тәрбиешілердің сұранысы бойынша жеке кеңестер беріліп отырылды.
- «Бірлігіміз жарасқан ұжымбыз» атты педагогтарға арналған психологиялық тренинг өткізілді. **Мақсаты:** Педагогтар қауымның қабілеті, ынта-жігерін, қызығушылығын, шығармашылығын, біліктілік дағдыларын арттыру және ұжымның қарым-қатынасын нығайту.
- «Шуақты күн» атты тренинг өткізілді. **Мақсаты:** Педагогтардың өзіндік бағалауларын арттыруға, «Мен педагог» позитивті концепциясын, кәсіби, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, басқа адамдарды түсінуге, өзінің және өзгелердің мінез-құлық мотивтерін тануға, өзгені жақсы тыңдауға психологиялық қолдау көрсетіп, дамыту.
- «Мейірімді жүрек» атты тренинг өткізілді. **Мақсаты:** Бала өмірінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана және педагогтар үшін бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек екені талқыланды.

Балабақшаның жылдық жоспары бойынша барлық іс-шараларға қатыстым. Педагогикалық кеңестерде тренингтер, ойындар, жаттығулар өткізілді.

2024-2025 оқу жылының есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар жүзеге асырылды. Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелігін мынандай жағдайда көруге болады: психологпен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен педагогтың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді.

Келесі оқу жылына психологиялық қызмет келесідей жұмыстар жүргізуді жоспарлайды:

- Оқу жылының жоспарын өзіндік жетілдіру;
- Оқыту-тәрбиелеу-түзету жоспарын құрып, балалардың жақсы дамуына көбірек көңіл бөлу;
- Ата-аналармен, тәрбиешілермен бірігіп жұмыс істеуді күшейту;
- Басқа балабақшалардың педагог-психологтарымен тығыз қарым-қатынаста болу.